

# 1 Тарау. ТӘУЕКЕЛДІҢ МӘНІ ЖӘНЕ ОНЫҢ КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕГІ РӨЛІ

## 1.1 Тәуекелді анықтау және оның мәні

Тәуекел ұғымы ғылымның бірнеше түрінде қолданылады. Құқық тәуекелді оның құқыққа қабілеттілігі тарапынан қарастырады. Апаттар теориясы бұл терминді апатты жағдайлар мен аварияларды сипаттау үшін қолданады. Тәуекелді талдау бойынша зерттеулерді философия, медицина, психология бойынша әдебиеттен табуға болады, олардың әрқайсысында тәуекелді зерделеу берілген ғылымды зерттеу тақырыбына негізделеді және сәйкесінше өзінің әдістері мен көзқарастарына сүйенетіні анық. Зерттеу бағыттарының мұндай алуан-түрлілігі осы құбылыстың көп аспектілігімен түсіндіріледі.

Отандық, экономикалық ғылымда шын мәнінде кәсіпкерлік тәуекел туралы жалпыға танылған теоретикалық ережелер жоқ, кәсіпкерліктің қандай да бір түрлері мен өндірістің жағдайларға қатысты тәуекелді бағалау әдістері жасалмаған, тәуекелдің алдын алу мен азайту әдістері мен жолдары туралы ұсыныстар айтылмаған. Соңғы жылдары «Заманауи бизнестегі тәуекелдер» (авторлар ұжымдары), «Кәсіпкерлік әліпбиі» Б.Г. Райзберг монографиясы, А.А. Первозванский монографиясы мен «Тәуекелдер мен есептемелердің қаржылық тәуекелдігі» Н.Н. Первозванский монографиясы және т.б.

Кәсіпкерлік тәуекелдің классикалық және классикалық емес теориясын салыстыра қарау және олардың экономикалық қолданбасын қарай белгілі бір қызығушылықты тудырады. Кәсіпкерлік табысты зерттеу кезінде И.У. Сениор, Дж Милль сияқты классикалық теорияның өкілдері кәсіпкерлік табыстың құрылымында тәуекел үшін төлем мен еңбекақының (салынған капитал үлесі ретінде) пайыз табысын кәсіпкерлік қызметпен байланысты мүмкін болатын тәуекелдің орнын толтыру ретінде қарастырған.

Кәсіпкерлік тәуекелдің классикалық теориясында соңғысы таңдалған шешімнің нәтижесінде болуы мүмкін шығындардың математикалық күтілімімен теңдестіріледі. Тәуекел бұл жерде осы шешімді жүзеге асырумен келтірілетін шығын ретінде қарастырылады.

Тәуекелдің мәнін ашудың мұндай біржақты түсінігі шетелдік экономисттердің бір бөлігінде бірден қарсылығын тудырды, бұл кәсіпкерлік тәуекелділік мазмұнын басқаша түсіну өндірісінің салдарына айналды.

Біздің жүзжылдығымыздың 30 жылдары А. Пигу және А. Маршал атты экономисттер кәсіпкерлік тәуекелділіктің классикалық емес

теориясының негіздерін әзірлеп шығарды. Бұл теорияның негіздері келесіде, табысы кездейсоқ айнаымалы болып келетін және белгісіздік шарттарында жұмыс істейтін кәсіпкер мәмілені жасасу кезінде екі өлшемді басшылыққа алады:

- күтілетін табыстың мөлшері;
- оның мүмкін болатын тербелісінің мөлшері.

Кәсіпкердің мінез-құлқы тәуекелдің классикалық емес теориясына сәйкес, шекті пайдалылықтың тұжырымымен шартталып отыр. Бұл дегеніміз екі нұсқа болған кезде, мысалы, біркелкі күтілген табысты беретін капитал салымы, мұнда күтілетін табыс тербелісі азырақ болады. Егер бір түрінің шағын саны қабылданатын болса, онда күтілетін табыстан ауытқулар теңестіріледі деп есептеуге болмайды, өйткені бұл жағдайда үлкен сандардың заңы қолданылмайды. Сондықтан, кәсіпкер шешім қабылдай отырып, табыстың тербелісін есепке алуы керек және сондай нәтиже беретін, бірақ аз тербелістермен сипатталатын шешімнің нұсқасын таңдап алуы керек.

Неоклассикалық теорияға сәйкес, кәсіпкер үшін сол күтілетін мөлшердегі, бірақ мүмкін болатын тербелістерімен байланысты дұрыс табыс көзі онша қызығушылық тудырмайды.

Тәуекелдің неоклассикалық теориясының әрі қарай дамуын өз жұмыстарында Т. Бачкай, Д. Мессен және басқа экономисттер жалғастырды. Тәуекелдің мәнін олар шешім қабылданған қол жетімділік үшін мақсаттан ауытқу мүмкіндігінде көрді.

Қазіргі уақытта тәуекелділік мәселесі жеткілікті түрде қалыптасып, жетілуде. Алайда, қазір, А. Альгин көрсетіп отырғандай, тәуекелділік туралы әдебиеттің тізімі өте нашар, фундаменталды зерттеулер шын мәнінде жоқ болып отыр. Іс нобайлы сипаттағы журнал және газеттегі онша көп емес мақалаларымен шектеледі. Бұл мәселе басшылардың тәжірибелік жұмысында да тиісті негіздемесіне ие болған жоқ.

В. Абчук, А. Альгин, С. Жизнин, Ю. Осипов, Б. Райзберг, С. Валдайцев сияқты авторлардың тәуекелділік мәселесіне арналған экономикалық әдебиеттің талдауы зерттеушілер арасында кәсіпкерлік талдауды анықтауға қатысты бірыңғай пікірдің жоқ екендігін көрсетіп отыр.

В. Абчук және А. Альгин тәуекелді «белгісіздіктен шығу» бойынша әрекет немесе қызмет ретінде анықтап отыр. Л. Растринин және Б. Райзберг тәуекелді «мүмкін болатын шығындар» ретінде анықтайды, осылайша кәсіпкерлік тәуекелділіктің классикалық теориясын ұстанады.

Тәуекелділіктің көптеген анықтамаларын талдау келесідей

тәуекелділік жағдайларына арналған тән болып келетін негізгі сәттерін анықтауға мүмкіндік болады:

- Тәжірибеде іске асырылатын мүмкін болатын нәтижелерін анықтайтын оқиғаның кездейсоқ сипаттамасы;

- балама шешімдердің болуы;

- күтілетін нәтижелер мен нәтиженің ықтималдылығын анықтауға болады немесе белгілі;

- шығындардың пайда болу ықтималдылығы;

- қосымша табысты алу ықтималдылығы.

Осылайша, «тәуекелділік» санатын кәсіпкерлік қызметтің берілген түрінде ресурстардың оңтайлы қолдануға есептелген нұсқамен салыстыру бойынша соңына дейін алмау немесе ресурстардың мүмкін шығыны, потенциалды мүмкін болатын қауіп ретінде анықтауға болады. Басқаша айтқанда, тәуекелділік – оларға көзделген табыстардан төмен табыстар алады немесе қосымша шығындар түріндегі шығындарды көтеретін болады.

Бір жағынан тәуекелдің шығыны қаржы ысыраптарын түрде жиірек барлығы көрсетеді немесе күтілетін пайданың алуын мүмкін еместік түрінде көрсетеді, дегенмен қабылданған шешімдердің жағымсыз нәтижелері ғана емес тәуекел. Қауіп-қатер болжалды нәтижеге жетпеу ғана емес, ықтималдық күтілетін пайда шектен шығу да кәсіпкерлік жобалардың белгілі нұсқаларында болады. Ерекше қолайлы ауытқулардың жоспарланған нәтижелерінен де, ерекше қолайлы ауытқулардың жоспарланған нәтижелерінен де бұл және жағымсыз жетістіктің мүмкіндігін тіркеспен бейнеленетін кәсіпкерлік тәуекел қосылады.

Кәсіпкерлік тәуекелділік дегеніміз - өнімді шығару, тауарлар мен қызметтерді іске асырумен, тауарлы-ақшалай және қаржы операцияларымен, сондай-ақ ғылыми-техникалық жобаларды жүзеге асырумен байланысты кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрі кезінде пайда болатын тәуекел түсініледі.

Тәуекел табиғаттың түрлі құбылыстары және қоғамның қызмет түрлерінің ерекшелігінен туындайтын мүмкін болатын жоғалтулар қаупімен түсіндіріледі.

Тәуекел – белгілі бір қызметтегі зиян шегу (табысты толығымен ала алмауы, шығындардың тыс мөлшерде көп болуы, т.б.) ықтималдылығын білдіреді.

Тәуекел – кез-келген бизнес түріне тән құбылыс, ал пайда кәсіпкердің тәуекелге барғаны үшін алатын сыйақысы ретінде қарастырылады. Адамдар әртүрлі қызмет ауқымында барлық уақытта тәуекелмен кездеседі. Бірақ, «шаруашылық тәуекел», «кәсіпкерлік

тәуекел» экономикалық категорияларының мәнін және мазмұнын ашатын жұмыстың негізі әлі жоқ.

Тәуекел бір жағынан бір нәрсенің мүмкін қауіптілігі ретінде, екінші жағынан жаңа нәтижеге үміттегі өжеттікті, табандылықты, тапқырлықты талап ететін табысқа әрекет ретінде анықталады.

Кәсіпкерлік қызмет - бұл инновациялық тәуекелдік қызмет. Кәсіпкер жаңа технология, жаңа техника, еңбекті ұйымдастырудың, өндірістің, инновациялық маркетингтің, менеджменттің жаңа әдістерін қолдана отырып, шығын алуға ресурстардың бір бөлігін немесе толығымен жоғалтуға тәуекелге барады. Ол бірақ жоғалтуларға емес, алдымен кәсіпкерлік табыс алуға сенеді. Және тәжірибеде көрсеткендей, көптеген жағдайларда оны алады.

Міне сондықтан инновациялық, кәсіпкерлік түрдегі фирмалар дәстүрлі технология мен техниканы, өндірісті ұйымдастыру мен басқарудың әдістерін қолданып, ұдайы өндіріс процесін жүзеге асыратындармен салыстырғанда бәсекелестік қабілетінің деңгейі өте жоғары және жоғары рентабельдік алады.

АҚШ-та жүргізілетін 50 қаржы фирмасын іріктеп зерттеуі көрсеткендей тәуекел капиталының рентабельдігінің орташа көрсеткіші акцияларға жай капитал салудан 3 рет жоғары. Бұл фирмалардың 70 % - ның рентабельдігі 20 % - дан жоғары, қалғаны 30 % жоғары.

Экономикалық әдебиетте «шаруашылық тәуекел» және «кәсіпкерлік тәуекел» түсініктері қолданылады. Көбінесе бұл түсініктерді ұқсас ретінде түсінеді. Шынында да бұл түсініктер өте жақын кәсіпкерлік қызметтегі шаруашылық тәуекелді басты құраушы.

Тәуекел - бұл мүмкін болатын қауіптілік. Экономикалық теорияда тәуекел дегеніміз - кәсіпорынның белгілі өндірістік және қаржылық қызметті жүзеге асыру нәтижесінде табыстың бір бөлігін жоғалту ықтималдығы.

Осылайша кәсіпкерлік тәуекел - өнімдерді тауарларды, қызмет көрсетулерді өндірумен, оларды өткізумен, тауар-ақша және қаржы операциялармен, коммерциямен байланысты кез келген қызмет түрінде пайда болатын әлеуетті мүмкін қауіптілік, ресурстарды ықтимал жоғалтулар.

Қарастырылған қызмет түрлерінде материалдық, еңбектік, қаржы, тәуекел осы ресурстарды толық немесе жекелей жоғалту қаупімен байланысты.

«Тәуекел» түсінігін анықтағанда «жоғалтулар», «залалдар», «зиян» сияқты жалпы қолданылатын сөздер пайдаланылады.

Бұл сөздерді экономикаға қолданғанда олар нені меңзейтіндігін анықтау керек. Жоғалтулар дегеніміз бізде болған, бізден кеткендер.

Бірақ экономикада «шығындар» деген сөз бар, ол да қолда бар, қолдан кеткен дегенді білдіреді.

Мысалы, тігінші костюм тігеді және оған мата жұмсайды. Алдынала қарастырылған шығындар жоғалтулар болып саналмайды. Бірақ егер сол тігінші матаны кездейсоқ кесіп алса, костюмды дұрыс пішпесе, костюмды тігуге қажет үш метр матадан артық 3,5 метр кетеді, яғни 3 метр - бұл шығын, ал 0,5 метр - бұл жоғалтулар.

Басқа мысал, кәсіпкер кітаптарды басып шығаруды және әрбір данасын 500 теңге бағамен сатуды ойлайды. Бірақ сату нарығында қолайсыз жағдайлар қалыптасты, кітапқа сұраным күтілген деңгейден төмен болады. Бір данасын 400 теңге бағамен сатуға тура келеді. Нәтижесінде кәсіпкер әрбір кітапқа табыстың 100 теңгесін жоғалтады.

Кәсіпкерлік тәуекел ресурстардың күтпеген, есептелмеген шығыны ретінде немесе ресурстарды ұтымды пайдалануға есептелген нұсқамен салыстырғандағы табысты ала алмауы ретінде сипатталады. Басқаша айтқанда кәсіпкер өз әрекетінің болжамында, жобасында, жоспарында, бағдарламасында қарастырылғаннан жоғары қосымша шығындар түріндегі жоғалтулар немесе ол есептелгеннен төмен табыстар алады деген қауіп тәуекелі.

Сонымен кәсіпкерлік тәуекелді белгілегенде «шығыш» және «залал», «жоғалтулар» түсінігін білу керек. Кез келген кәсіпкерлік қызмет шығындармен байланысты, залалдар қолайсыз жағдайлар тоғысқанда, жаңылысқанда болады және ойлағаннан жоғары қосымша шығындарды керсетеді. Залалға мақсатқа сай нәтиже тиім әкелмеген кез келген шығындарды жатқызады.

Экономикалық категория ретінде тәуекел өзімен бірге болуы мүмкін немесе болмауы да мүмкін жағдайларды ұсынады. Мұндай жағдайдың туындауы салдарынан келесідей үш экономикалық нәтиже болуы мүмкін: жағымсыз (ұтылыс, зиян, шығын), нольдік, жағымды (ұтыс, пайда, табыс).

Тәуекелді басқаруға болады, яғни тәуекелдік жағдай туындауын белгілі бір шекте болжамдау және тәуекел дәрежесін төмендету үшін шаралар қабылдауға мүмкіндік беретін түрлі шаралар қолдануға болады.

Көбінесе тәуекелді басқаруды ұйымдастыру тиімділігі тәуекелдің сыныптамасына тәуелді.

Мүмкін болатын нәтижеге (тәуекелдік жағдайдың нәтижесіне) байланысты тәуекелдер екі үлкен топқа бөлуге болады: таза және спекулятивтік.

Таза тәуекелдер жағымсыз немесе нольдік нәтиже алуға мүмкіндік береді. Бұл тәуекел түрлеріне келесілер жатады: табиғи, экологиялық,

саясаттық, транспорттық және коммерциялық тәуекелдер бөлімі (мүліктік, өндірістік, саудалық).

Спекулятивтік тәуекелдер жағымды да, жағымсыз да нәтиже алу мүмкіндігімен сипатталады. Бұл тәуекел түрлеріне коммерциялық тәуекелдер бөлімі болып табылатын қаржы тәуекелдері жатады.

Тәуекел дегеніміз шығынға ұшырау қауіптілігі. Күтілетін нәтиже бойынша тәуекел екіге бөлінеді: таза және алып-сатарлық (спекулятивті). Таза тәуекелдер бойынша екі нәтиже болуы мүмкін ол «-»-к нәтиже немесе «о»-қ нәтиже. Алыпсатарлықта «+», «-» болуы мүмкін. Алыпсатарлыққа қаржылық тәуекелдер жатады.

Пайда болу табиғаты бойынша таза нәтижеге (тәуекелдерге) жатады:

1. табиғи;
2. саяси;
3. экологиялық;
4. көліктік;
5. мүліктік;
6. өндірістік;
7. сауда.

Қаржы тәуекелдері екі түрге бөлінеді:

- 1) ақшаның сатып алу қабілеттілігімен байланысты тәуекелдер;
- 2) капитал салымдарымен байланысты тәуекелдер (инвестициялық тәуекелдер).

Ақшаның сатып алу қабілеттілігімен байланысты тәуекелдерге тәуекелдердің келесі түрлері жатады: инфляциялық және дефляциялық тәуекелдер, валюталық тәуекелдер, өтімділік тәуекелі.

Тәуекелдердің түрлерін төмендегі суретте қарастырайық.


Табиғи тәуекел - табиғи апаттарға байланысты тәуекелдер. Оған: жер-сілкінісі, су тасқыны, өрт, эпидемия, т.б. жатады

Саяси тәуекел – мемлекеттегі саяси өзгерістер мен үкімет қозғалысына байланысты (революция, кәсіпкердің әскери қозғалыстар есебінен шаруашылық қызметімен айналыса алмауы, национализация, мүлікті-тауарды конфискациялау, эмбарго енгізу, т.б.).

Экологиялық тәуекел – қоршаған ортаның ластануына байланысты тәуекелдер.

Көліктік тәуекел – жүкті (тауарларды, өндіріс құралдарын) белгілі бір көлік арқылы тасымалдау тәуекелі: автокөлік, теміржол, әуе-жай, теңіз көлігі, т.б.

Мүліктік тәуекел – кәсіпкердің мүлкінен ұрланып кетуіне, диверсиялануына, ұқыпсыз салдарына, т.б. байланысты айырылуы.



Сурет 1 – Тәуекелдің жіктелуі

Өндірістік тәуекел - өндіріс процесінің тоқтап қалу, негізгі немесе айнымалы құралдардың (құрал-жабдықтар, станок, шикізат, көлік, т.б.) тозу, технологияның ескіру тәуекелі.

Сауда тәуекелі - төлемдерді кешіктіру немесе төлемеу салдарынан пайда болатын тәуекел.

Қаржы тәуекелі кәсіпорын қаржылық институттармен (банктер, қаржылық, инвестициялық, сақтандыру компаниялары, биржалар және т.б.) қатынасы процесінде пайда болады.

Қаржы тәуекелінің туындау себептері – инфляциялық факторлар, банктің есептік мөлшерлемелерінің өсуі, бағалы қағаздар құнының төмендеуі және т.б.

Инфляция ақшаның құнсыздануы болып табылады, бағалар өседі. Дефляция – инфляцияға кері процесс, ол бағалардың төмендеуінен және соған сәйкес ақшаның сатып алу қабілетінің жоғарылауынан көрінеді.

Инфляциялық тәуекел – инфляция өсімі кезінде нақты сатып алу қабілеттілігі көзқарасынан өсуден көрі алынатын ақшалай табыстар тез құнсыздануындағы тәуекел. Мұндай жағдайда кәсіпкер нақты шығыстарға тап болады.

Дефляциялық тәуекел – дефляция өсімі кезінде бағалар деңгейі төмендейді, кәсіпкерліктің экономикалық жағдайы нашарлайды табыс төмендейді.

Валюталық тәуекелдер сыртқы экономикалық, несиелік және басқа да валюталық операцияларды жүргізу кезінде бір шетелдік валюта бағамының басқа валюта бағамына қатынасының өзгеруімен байланысты валюталық жоғалту қаупімен түсіндіріледі.

Өтімділік тәуекелі – тұтынушылық құнының және сапалық бағаның өзгерісі себебінен бағалы қағаздар немесе басқа да тауарларды өткізу кезіндегі мүмкін болатын жоғалтулармен байланысты тәуекелдер.

Инвестициялық тәуекелдер келесі ішкі жүйелік тәуекелдерді қамтиды:

- 1) жіберіліп қойған пайда тәуекелі;
- 2) табыстылықтың төмендеу тәуекелі;
- 3) тікелей қаржылық жоғалтулар тәуекелі.

Жіберіліп қойған пайда тәуекелі – белгілі бір шараларды (мысалы, сақтандыру, хеджирлеу, инвестициялау т.с.с.) іске асырмау нәтижесінде жанама (косымша) қаржылық зиянның (алынбаған табыс) туындау тәуекелі.

Табыстылықтың төмендеу тәуекелі портфельдік инвестициялар, салымдар және несиелер бойынша дивидендтер және пайыздар мөлшерінің төмендеу нәтижесінде туындауы мүмкін.



Портфельдік инвестициялар инвестициялық портфельдің пайда болуымен байланысты және бағалы қағаздар және басқа активтерді сатып алумен түсіндіріледі. «Портфельдік» термині итальян сөзінен «Porte foglio» шығып, инвесторда бар бағалы қағаздардың жиынтығын білдіреді.

Табыстылықтың төмендеу тәуекелі келесідей тәуекел түрлерінен тұрады: пайыздық тәуекелдер және несиелік тәуекелдер.

Пайыздық тәуекелдерге тартылған қаражаттар бойынша төленетін пайыздық мөлшерлемелер ұсынылған несиелер бойынша мөлшерлемелерден жоғары болып кетуі нәтижесіндегі коммерциялық банктердің, несиелік мекемелердің, инвестициялық институттардың жоғалту қауіптері жатады. Пайыздық тәуекелдерге сонымен қатар акциялар бойынша дивидендтердің, облигациялар, сертификаттар және басқа бағалы қағаздар нарығындағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгерісімен байланысты инвесторлар жоғалтулар тәуекелі жатады.

Пайыздың нарықтық мөлшерлемесінің өсімі бағалы қағаздардың бағамдық құнының төмендеуіне алып келеді, әсіресе тұрақты пайызды облигацияларға қатысты. Пайыздың жоғарылауы салдарынан төмен тұрақты пайыз бойынша шығарылған және шығару шарттары бойынша эмитент жедел қайта қабылданатын бағалы қағаздардың массалық алынып тасталуының басталуы мүмкін. Тұрақтандырылған дәрежемен салыстырғанда орташа нарықтық пайыздың өсуі кезінде тұрақты пайыздық орта мерзімді және ұзақ мерзімді бағалы қағаздарға өз қаражатын салған инвестор пайыздық тәуекелге ұшырауы мүмкін. Басқаша айтқанда, инвестор пайыздың жоғарылауы есебінен табыстар өсімін ала алатын еді, бірақ жоғарыда көрсетілгендерге салынған өз қаражаттарын босата алмайды.

Тұрақтандырылған деңгеймен салыстырғандағы орташа нарықтық пайыздың төмендеуі кезінде тұрақты пайызды орта мерзімді және ұзақ мерзімді бағалы қағаздарды айналысқа шығарған эмитент пайыздық тәуекелге ұшырауы мүмкін. Басқаша айтқанда, эмитент нарықтан төмен пайызды қаражаттар тарта алатын еді, бірақ ол өзі шығарған бағалы қағаздармен байланысты.

Тәуекелдің бұл түрі инфляция жағдайында пайыздық мөлшерлемелердің тез өсуі кезінде қысқа мерзімді бағалы қағаздар үшін де мән береді.

Несиелік тәуекел – қарыз алушының негізгі қарыз және несиегерге жататын пайыздардың төленбей қалу қауіпі. Несиелік тәуекелге сонымен қатар қарыздық бағалы қағаздар шығарған эмитент қағаздар бойынша пайыздар немесе қарыздың негізгі сомасын төлей алмайтын жағдай да жатады.

Сонымен қатар несиелік тәуекел тікелей қаржылық жоғалтулар түрлілігі болуы мүмкін.

Тікелей қаржылық жоғалтулар тәуекелі келесі түрлерін қамтиды: биржалық тәуекел, селективтік тәуекел, банкроттық тәуекел, сонымен қатар несиелік тәуекел.

Биржалық тәуекелдер өзімен бірге биржалық мәмілелерден жоғалту қаупін ұсынады. Бұл тәуекелдерге келесілер жатады: коммерциялық мәмілелер бойынша төлемеу тәуекелі, брокерлік фирманың комиссиялық сыйақы төлемеу тәуекелі және т.б.

Селективтік тәуекелдер (латын тілінен *selectio* – таңдау, сұрыптау) – инвестициялық портфель қалыптастырудағы басқа бағалы қағаздармен салыстырғанда инвестициялау үшін бағалы қағаздардың түрін, капитал салымының әдісін дұрыс емес таңдау тәуекелі.

Банкроттық тәуекелі өзімен бірге капитал салымының әдісін дұрыс емес таңдау, кәсіпкердің меншікті капиталын толық жоғалту және өзіне алған міндеттемелер бойынша есептесе алмау нәтижесінде туындайтын қауіпті ұсынады. Нәтижесінде кәсіпкер банкротқа ұшырайды.

Қаржы тәуекелі өзімен бірге уақыт функциясын ұсынады. Берілген қаржылық актив немесе капитал салымының түрі үшін тәуекел деңгейі уақыт бойында жоғарылайды. Мысалы, импорттаушының шығыстары бүгінгі күнде контрактіге отырған кезден, уақыттан мәміле бойынша төлем мерзіміне дейінгі уақытқа байланысты, себебі ұлттық валютаға шетел валютасының бағамының қатынасы өсуде.

Шетелдік тәжірибеде капитал салымы тәуекелін саналы анықтау әдісі ретінде ықтималдық теориясы ұсынылады.

Бұл әдіс инвестициялық жобаның өткен мерзімдегі нәтижелермен байланысты ықтималды болашақтағы ақшалай ағымдарын нақты анықтауға мүмкіндік береді. Егер капитал салымы жобасы бірінші мерзімде қабылданатын болса, онда келесі мерзімдерде ол қабылдануы мүмкін.

Егер түрлі мерзімдердегі ақша ағымдары бір-бірінен тәуелсіз болатын болса, онда әр уақыт мерзімі үшін ақша ағымдарының нәтижелерін ықтималды орналастыруды анықтау қажет.

Түрлі мерзімдердегі ақша ағымдары арасында байланыс болған жағдайда бұл тәуелділікті қабылдап, оның негізінде келешектегі жағдай қалай болатынын елестетіп көруге болады.

Экономикалық субъект үшін тәуекелдік — бұл нарық конъюктурасының өзгеруі (мысалы, тұтынушылардың өзгерген таламы), серіктестер тарапынан тәртіп бұзушылық, сыртқы факторлар әрекеті. Аудиторлық тәуекелдік кәсіп орынның қаржылық есеп беруіне

катысты дұрыс емес пікірдің қалыптасуында болып табылады.


Аудитті жүргізудің жалпы қабылданған әдістері, пайдаланушының күтуі және бизнесті жүргізу практикасы аудитордың процедураны «қаржылық есеп беру бойынша пікірі шындыққа сәйкес келмейді» деген минималды тәуекелмен білдіретіндей жоспарлауы мен орындауын талап етеді.

Аудиторлық тексеру кезінде айтылған пікір пайдаланушы үшін кәсіби стандарт сақталды, елеулі мәліметтер жинақталды және осы пікірді дәлелдеу үшін бағаланды дегенді білдіреді.

Егер аудитор өзі үшін аудиторлық тәуекелдіктің кіші деңгейін анықтаса, бұл оның қаржылық есеп беруде елеулі қателіктер жоқ деген үлкен сенімділікке ұмтылатындығын көрсетеді. Нольдік тәуекелдік жүз пайыздық тәуекел абсолютті сенімсіздік абсолютті сенімділікті білдіреді. Тәуекелдік дәрежесі нольмен бірлік (0-ден 100%-ға дейін) арасындағы диапазонда ауытқуы мүмкін, бірақ осы мәндер не жоғары не төмен болмайды. Қаржылық есеп беру дәлділігінің толық кепілдігі (нольдік тәуекел) экономикалық тұрғыдан тиімсіз. Сондықтан аудитор қателер мен қателіктер абсолютті түрде жоқ деген кепілдеме бере алмайды.

Аудитор клиент бизнесін зерттеп, қаржылық есеп беруді сыртқы пайдаланушылар сенімінің деңгейіне әсер ететін факторлардың әр қайсысының мәнін бағалап, аудит аяқталғаннан кейін клиенттің, бизнестегі қаржылық жеңісінің ықтималдылығын анықтауы керек. Осы факторлар негізінде, аудитор «қаржылық» есеп беруде аудит аяқталғаннан кейін де елеулі қателіктер сақталады деп отырып, тәуекелдік деңгейін субъективті түрде қоя алады. Тексеру процесінде аудитор клиент туралы қосымша ақпарат алып, аудиторлық тәуекелдік деңгейін бағалау жөніндегі ойын өзгерте алады.

«Тәуекелдікті бағалау және «ішкі бақылау» ХАС-ында тәуекелдікке анықтама берілген. «Аудиторлық тәуекелдік - қаржылық есеп беру елеулі бұрмаланған жағдайда, аудитор сәйкес келмейтін аудиторлық қорытынды береді дегенді білдіреді». Аудиторлық тәуекелдіктің үш компоненті бар.



Сурет 2 – Аудиторлық тәуекелдіктің компоненттері

Бөлінбейтін тәуекелдік — шоттар сальдосы немесе шаруашылық операциялардың қажетті ішкі бақылаудың болмауына жол берілген жағдайда, басқа шоттар сальдосы немесе шаруашылық операциялар бұрмалауларынан бөлек, елеулі болуы мүмкін бұрмалауларға бейім болуы.

Бақылау тәуекелдігі. Клиент байқамаған қателердің бухгалтерлік есеп процесінде болуы ықтимал. Себебі бақылаудың ешбір құрылымы 100%-ға тиімді бола алмайды. Сондықтан, әдетте белгілі бір тәуекелді бақылаудың кез келген құрылымымен байланыстырады: тиімді құрылымдар салыстырмалы түрде төмен тәуекелге, тиімділігі аздаулар салыстырмалы жоғары тәуекелге ие болады.

Бақылау құралдарының тәуекелдігі кәсіпорынның бухгалтерлік есебі мен ішкі бақылау жүйелерінің сенімділік дәрежесін сипаттайды.

Бақылау құралдарының сенімділігі мен бақылау құралдарының тәуекелдігі өзара толықтырушы категориялар болып табылады:

- сенімділіктің жоғары дәрежесіне төмен тәуекелдік сәйкес болады;

- сенімділіктің орта дәрежесіне орта тәуекелдік сәйкес болады;

- сенімділіктің төмен дәрежесіне жоғары тәуекелдік сәйкес болады. Аудитор бақылаудың белгілі бір құралдары жөніндегі өз пікірін дайындау кезінде үлкен сенімділік дәрежесіне сүйенуге қаншалықты ұмтылса, аудитор олардың сенімділігі мен тиімділігін соншалықты мұқият дайындауы керек.

Айқындамау (қателерді) тәуекелдігі — бұл жиынтығында дәл емес немесе дұрыс емес мәліметтердің елеулі көлемде жиналуы және оларды аудитор талдамалық рәсімдер кезінде де, мән бойынша жан-жақты тексеру кезінде де байқамай қалуы мүмкін деген болжам. Олар бір-бірін толықтыратындықтан, олардың бірінің нәтижесінде туындаған сенімділік, аудитордың басқа тексеру нәтижесінде алатың кепілдемесінің қажеттілігін пропорционалды азайтады. Аудитор «мән немесе талдамалық рәсімдер бойынша ешқандай жан-жақты тексерулер жүргізбейді» деп болжайық. Егер қаржылық есептерде қате болса, оның байқалмай қалуы анық. Сонымен бірге мән бойынша жан-жақты тестер орындалып, талдамалық рәсімдер жүргізілсе, онда талдамалық рәсімдердің елеулі жиынтық қателерді байқамауы 40% тәуекелге, оларды жан - жақты тестер табуы 20% тәуекелге, ешбір рәсімнің байқамай қалуы олардың туысшысына тең болады. Қаржы-лық есептерде дәл емес немесе дұрыс емес мәліметтерді аудитор байқамай қалуы үшін, мән бойынша жан-жақты тексерулер, не талдамалық рәсімдер олар таппауы керек.

Бөлінбейтін немесе бақылау тәуекелдіктері айқындамау

тәуекелдігінен аудитордың оларды тек бағалап, бірақ бақылай алмайтындығымен ерекшеленеді. Аудитордың бөлінбейтін және бақылау тәуекелдіктерін бағалауы оларды жақсы түсінуге көмектеседі. Бірақ оларды азайтпайды және өзгертпейді. Айқындамау тәуекелдігі ауди-тор мөпі бойынша жекелеген тексерулердің сипатын, уақыты мен масштабын өзгерту арқылы бақылап алады.

Аудиторлық қызмет көрсету нарығында клиент конкурстық негізде аудиторлық фирманы таңдай алады. Егер оның көрсететін қызметінің жалпы құны басқа аудиторлық фирмаларға карағанда едәуір жоғары болса, клиент өз ниетін өзгертіп, басқа фирманы таңшай алады. Сонымен бірге заңды аудиторлық тәуекелдік деңгейін нақты дәлелденген деңгейден орнатудан бас тартуда көмектеседі.

Бәсеке, құқықгық міндеттемелер, басқа шаралар мен кәсіпқойлық бірдей жағдайларда аудиторлық тәуекелдікті бағалау айырмашылығын төмендетуге мүмкіндік береді. Бірақ түрлі аудиторлар тең жағдайларда аудиторлық тәуекелдіктің абсолютті бірдей деңгейін орната алмайтындығын мойындау керек. Аудиторлық тәуекелдік пен айқындамау тәуекелдігі арасында тікелей тәуекелдік, сонымен бірге аудиторлық тәуекелдік пен жинақталуы қажет дәлелдердің жоспарланған саны арасында кері тәуекелділік бар.

Аудиторлық тәуекелдік компоненттерін детальдандыру айқындамау тәуекелдігінің құрамдас бөлігін бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Мәні бойынша тексеру деңгейі — елеулі кателер тексеру рәсімін орындау процессінде елеулі кателер анықталмай қалу қауіпі.

Талдау тәуекелдігі - талдау рәсімі елеулі бұрмалауларды анықтамайды деген қауіп;

Тандау арқылы зерттеу тәуекелдігі - тексеруді жүргізу операцияларының іріктемесі елеулі кателерді көрсетпеуі мүмкін деген қауіп.

Аудиторлық тәуекелдігін төмендету үшін келесідей пікір әрекет етеді: аудитор толық зерттеуге арналған элементтері канша көбірек тексерсе, іріктеме көлемі сонша көп болады. Мысалы, егер аудитор талдамалық рәсімдерді тексеру мен елеулі элементтерді толық тексеруге акцент жасағысы келсе, іріктеме көлемі төмен болады және керісінше.

Кез келген аудиторлық тексерудің басты міндеті-аудитті аяқтаған кезде жиынтық аудиторлық тәуекелдік минималды төмен деңгейге жеткізілетіндей немесе керісінше, сенімділік деңгейі аудиторға кдржылық есептеме нақгылығы бойынша пікір білдіру үлгісін жоғары болатындай сенімділік деңгейіне дейін жететіндей етіп жекелеген шоттар немесе шаруашылық операциялар бойынша аудиторлық

тәуекелдікті шектеу.

Маңыздылық деңгейі мен аудиторлық тәуекелдік арасындағы өзара байланыс

Маңыздылық пен аудиторлық тәуекелдік деңгейі арасында кері өзара байланыс бар. Маңыздылық деңгейі жоғары болған сайын, аудиторлық тәуекелдік төмен болады және керісінше. Егер, мысалы, маңыздылық деңгейі төмен болса, аудиторлық тәуекелдік өседі және аудитор, бақылау тәуекелдігі деңгейін төмендету мақсатында (бақылау рәсімдерінің жеткіліксіздігі тәуекелі) не қосымша бақылау тестерін: жүргізу, не мән бойынша тексеру рәсімін өсіру арқылы бұның орнын: толтыра алады. Бизнес тәуекелі осы клиентке ұсынылған аудиторлық қорығтынды әділ болғанына қарамастан аудитордың клиентпен арақатынасы сөзсіз болуы мүмкіндігінде болып отыр. Аудит практикасында аудиторлық тәуекелдігі бағалаудың екі негізгі әдісі қолданылады:

- сезгіштік;
- сандық.

Сезгіштік әдіс аудиторлар тәжірибе мен клиент бизнесін білу негізінде қаржылық есеп беру немесе шаруашылық операциялар бойынша жалпы аудиторлық тәуекелдікті жоғары, орташа, төмен деі анықтауда болады.

- төмен тәуекелдік-ішкі бақылау жүйесін аудиторлық фирма тиімді ретінде бағалаған, бірақ аудитор мүмкін қателерді табуға қажетті сәйкес процедураларды жоспарлай отырыш, оған толық сенбеген жағдайда болады;

- орташа тәуекелдік- ішкі бақылау жүйесін аудиторлық фирма тиімсіз деп бағалаған кезде болады және аудитор жан-жақты рәсімді жоспарлайды;

- жоғары тәуекелдік- клиенттің ішкі бақылау жүйесі жоқ кезде негізінен біртұтас тексеру жоспарланады.

Сандық әдіс аудиторлық тәуекелдік моделі негізінде есеп айырысуды көздейді. Халықаралық тәжірибеде пайдаланылатын ең кең тараған модель келесі формуламен есептеледі:

$$AT=BT \times BT \times AT$$

Мұндағы AT — аудиторлық тәуекелдік;

BT - бөлінбейтін тәуекелдік;

BT - бақылау тәуекелдігі;

AT — айқындамау тәуекелдігі.

Мысалы, аудитор бөлінбейтін тәуекелдікті 80%, бақылау тәуекелдігін 50%, айқындамау тәсілін 10% деп бағалайды. Осы шамалар негізінде аудитор аудиторлық тәуекелдіктің 4%-дық шамасын ала

алады.

Айқындамау тәуекелдігі көп дәрежеде аудитор кәсіпқойлығын сипаттайтындықтан, оған аудиторлық тәуекелдік моделінен осы тәуекелдікті анықтау дұрыс болады.

Аудитор аудиторлық тәуекелдікті 5% бөлінбес тәуекелдікті 80%, бақылау тәуекелдігін 50% деңгейлерінде қойды делік. Сонымен айқындамау тәуекелдің 12,5%-ды құрайды.

Аудиторлық дәлелдемелердің қажетті саны айқындамау тәуекелдігі деңгейіне кері пропорционалды болады. Айқындамау тәуекелдігі төмен болған сайын, тексеру барысында аудиторлық дәлелдердің көп санын алу қажет.

Аудиторлық тәуекелдік моделін зерттеудің ең жалпы тәсілі аудиторлық тәуекелдік компоненттері мен аудиторлық тәуекелдік деңгейі, қажетті аудиторлық дәлелдемелердің саны мен сапасы арасындағы өзара байланысты бақылауда болып табылады. Аудиторлық тәуекелдік моделін қолдану аудитордан осы өзара байланыстар мен аудит жүргізілетін субъектіге тән қасиеттерді ескере отырып, тәуекелдік компоненттерінің әрқайсысының мазмұнын терең түсінуді талап етеді.

## **1.2 Кәсіпкерліктегі тәуекелділік**

Тәуекелділіксіз кәсіпкерлік болмайды. Нарықтық экономиканың шарттарында анағұрлым үлкен табысты, жоғары тәуекелділігі бар нарықтық операциялар әкеледі.

Кәсіпкерлік тәуекелділік дегеніміз, өнімді шығару, тауарлар мен қызметтерді іске асырумен, тауарлы-ақшалай және қаржы операцияларымен, сондай-ақ ғылыми-техникалық жобаларды жүзеге асырумен байланысты кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрі кезінде пайда болатын тәуекел түсініледі. Нарықтық жағдайда тәуекел кәсіпкерліктің шешуші элементі болып табылады. «Кәсіпкерлік іс туралы» заңда жазылғандай, кәсіпкерлік іс өз тәуекелділігіне, кәсіпорынның ұйымдастыру құқықтық нысаны шегінде мүліктік жауапкершілігіне негізделген. Тәуекелділік ұғымы кәсіпорын ресурстарының бір бөлігін жоғалту ықтималдылығын (қаупі), қызметті жүзеге асыру нәтижесінде табыстардың толық алынбауын немесе қосымша шығындардың пайда болуын білдіреді.

Кәсіпкерлік тәуекелділікті орнату кезінде «шығын», «шығыс» деген ұғымдарды айыру керек. Кез келген кәсіпкерлік қызмет шығындармен байланысты болады, бұл кезде көзделгеннен жоғары қосымша шығындар болып табылады. Айтылған «тәуекелділік» санатын сапалы жақтан сипаттайды, бірақ сандыққа «кәсіпкерлік тәуекелділік»

түсінігін аудару үшін негіз жасайды. Егер тәуекелділік – бұл табыс немесе ресурстар шығындарының қаупі болса, онда шығындардың абсолютті немесе салыстырмалы деңгейімен анықталатын оның сандық шамасы болады.

Абсолютты көріністе тәуекелділік материалды-заттай немесе құндық өрнекпен өрнектелуі мүмкін, егер шығын осындай өлшемге жатқызылса. Тәуекел салыстырмалы көріністе мүмкін түрінде ең ыңғайлы қабылдаған кейбір база жатқызылған шығындарды шама сияқты бейнеленеді немесе кәсіпкердің мүліктік күйі, немесе кәсіпкерліктен күтілген (пайда) табыс, немесе кәсіпкерлік қызмет осы түрге ресурстарды ортақ шығындар.

Капиталды жұмсау да, ағымдағы шығындар да тәуекелдің салыстырмалы шаманың анықтамасы үшін қарай кәсіпорынға база ретінде негізгі қорларды құн орынды алсын және кәсіпорынның айналым құрал-жабдықтары немесе кәсіпкерлік қызмет осы түрге болжалды жиынтық шығындар, көздегені бола немесе (пайда) есеп айырысу табысы. База таңдау әртүрлі маңызды мағынасы болмайды, бірақ анықтықтың биік дәрежесімен анықталатын көрсеткіш артық көру керек.

Салыстыру үшін қолданылатын негізгі көрсеткіштерін, әдетте есептік немесе табыс, шығын және түсімнің күтілетін көрсеткіштері деп атайды. Осы көрсеткіштердің мәндері бизнес-планды әзірлеу кезінде, мәміле, кәсіпкерлік жобаны техникалық-экономикалық негіздеме процесінде анықталады.

Сәйкесінше шығын дегеніміз табыстың азаюы болып табылады. Кәсіпкерлік шығындар – бұл бірінші кезекте кәсіпкерлік табыстың кездейсоқ төмендеуі. Шама тап мұндай шығындар және тәуекел дәрежесін мінездейді. Осы арадан тәуекелінің талдауы байланған, бұрын барлығы ысыраптарды зерттеумен.

Кәсіпкерлік қызмет және сақтандыру - нарықтық шаруашылықтың тығыз өзара байланысты санаттары. Кәсіпкерлік қызметтің мақсаты капиталды салынған істен пайда табу, табысты арттыру болып табылады.

Кәсіпкерлік тәуекелділіктерді сақтандыру сақтандыру компанияларына тәуекелді беру арқылы дәстүрлі жолмен ғана жүзеге асырылмайды, сонымен бірге кәсіпкерлердің тәуекелдерін төмендетуге мүмкіндік беретін қаржылық құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Кәсіпкерлік тәуекелділікті сақтандыру түрлерінің пайда болуы, бір жағынан қарапайым мүліктік тәуекелділікті сақтандыруды кеңейту



салдары, екінші жағынан – кепілдік пен кепілші – сақтандырушылар қызметінің жаңа саласын дамыту нәтижесі болды.

### 1.3. Кәсіпкерліктегі тәуекелділік функциясы

Кәсіпкерлік тәуекелдің мәнін қарастыру кәсіпкерлік қызметте тәуекел орындайтын функцияларды анықтаумен байланысты.

Экономикалық әдебиетте - тәуекелдің келесі функциялары көрсетіледі:

- Инновациялық;
- Реттеуші;
- Қорғаушы;
- Аналитикалық.

Кәсіпкерлік тәуекелдің инновациялық функциясын кәсіпкер алдында тұрған мәселелерді дәстүрлі емес шешуді іздестіруді ынталандырумен орындайды. Көптеген шетел фирмалары, компаниялары тәуекелге байланысты инновациялық экономикалық қызмет негізінде бәсекеге қабілетті болып табысқа жетеді. Тәуекелді шешім, шаруашылықтың тәуекелді түрі кәсіпкерді де, тұтынушы да, қоғам да ұтатын өндірістің тиімділігіне әкеледі.

Реттеуші функция қарама - қайшы сипатта болады және екі түрлі нысанда шығады: конструкциялық және бүлдіргіш. Кәсіпкер тәуекелі, әдетте дәстүрлі емес тәсілдермен біршама нәтиже алуға бағытталған. Ол болашақта жаңа енгізілімге бөгет жасайтын (консерватизм) ескішілдікті, (догматизм) қасаң қағидашылықты, мүкістікті, психологиялық бөгеттерді жеңуге мүмкіндік береді. Кәсіпкерлік тәуекелдің реттеуші функциясының конструкциялық нысаны осыдан көрінеді. Тәуекелдің реттеуші функцияның конструкциялық нысанының мәні тәуекелге бару қабілеті - кәсіпкердің табысты қызметінің жолдарының бірі.

Тәуекелдің қорғаныш функциясы - егер кәсіпкер үшін тәуекел табиғи жағдай болса, сәтсіздіктерге шыдам да қалыпты болу тиістігінен көрінеді. Бастамашыл тапқыр шаруашылық иелеріне әлеуметтік қорғау, құқықтық, саяси және экономикалық кепілдеме қажет.

Кәсіпкер тәуекелге бел байлау үшін мүмкін болатын қателік оның бейнесін де, оның ісіне де кір келтіре алмайтынына сенімді болуы қажет.

Кәсіпкерлік тәуекелдің аналитикалық функциясы шешімдердің мүмкін нұсқаларының ішінен біреуін талдау қажеттілігінде тәуекелдің болуын білумен байланысты. Осыған байланысты кәсіпкер шешім қабылдау процесінде барлық мүмкін баламаларды талдап, ең рентабельді және ең тәуекелі азын тандайды.

Кәсіпкерлік функцияларын қарастыра отырып, тағы да тәуекелде болатын жоғалтулардың біршама әлеуетіне қарамастан, ол мүмкін пайданың кезі екенін айта кеткен жөн. Сондықтан кәсіпкердің негізгі міндеті тәуекелден мүлде бас тарту емес. Тәуекелге бара отырып кәсіпкер қандай шектерге дейін әрекет ете алатын объективті белгілер кешкендегі тәуекелге байланысты шешімдер таңдау.

Бұдан басқа кәсіпкерлік тәуекел әлеуметтік функция орындайды. Ұдайы өндірістің тиімділігі мен тұрақтылығына әсер ете отырып, әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін, халықтың әл-ауқатын арттыру үшін шынайы материалдық негіз жасайды. Кәсіпорындардың, фирмалардың және олардың бірлесуінің тұрақты жұмысында халықтың еңбекпен қамтылуы тұрақтанады.

Шаруашылық тәуекел тек кәсіпкерлерде ғана емес, менеджерлерде де мамандардың, барлық қызметкерлердің кәсіпкерлік қабілетін дамытады.

Кез келген қаржылық немесе шаруашылық операциялардың тиімділігі мен онымен бірге болатын тәуекел деңгейі бір-бірімен байланысты. Тәуекел факторын есептемей толық инвестициялық талдау жүргізу мүмкін емес. Сондықтан тәуекел деңгейін бағалай және оның нақты операция табыстылығының деңгейімен байланыстылығын бағалай білу қажет.

Тәуекелдің мәні мен түріне тәуелсіз кәсіпкерліктің негізгі мақсатына – салынған капиталдан табыс алуға – тәуекелді анықтау сәйкес келеді.

Төмен табыс табу немесе шығыстарға ұшырау ықтималдылығы қаншалықты жоғары болса, соншалықты жоба тәуекелді болатыны белгілі. Капиталды салу мүмкін нұсқауларды таңдау кезінде жиі «бұл жобаның тәуекелі төменірек сияқты» дегендей абстрактілік пайымдаулармен шектеледі. Алайда, көбінесе тәуекел деңгейін нақты анықтауға болады, сонымен қатар осы тәуекелге сәйкес келетін, ұсынылатын жобаның табыстылық деңгейін де анықтауға болады. Алынған нәтижелерге сүйене отырып, салымшы оған тиімді ақша салымын таңдай алады, сонымен қатар мүмкін болатын тәуекел деңгейін де төмендете алады.

Тәуекелдің жоғары, орташа немесе төмен деңгейлерін ажыратады. Тәуекелдің көлемін (не деңгейін) екі критерий арқылы өлшенеді (бағаланады): орташа ауытқу мәнімен (дисперсия) және мүмкін болатын нәтижелерді өзгермелілігімен (вариация).

Сонымен бірге тәуекелдің орташа күтілетін мәні мүмкін болатын нәтижелерді де бағалайды. Ауытқу орташа күтілетін мәнің орташа көлемнен ауытқу өлшемі мен деңгейін көрсетеді.

Кәсіпорынның қаржылық тәуекелін бағалаудағы дисперсия өзімен бірге тәуекелді салымдардың орташа күтілетін салымдардан нақты қаржылық нәтижелердің квадраттық ауытқулардың орташа салмақты көлемін ұсынады:

$$\sigma^2 = (x - \bar{x})^2 / n,$$

мұндағы  $\sigma^2$  - дисперсия;

$x$  – қаржы ресурстарының салымының әр жағдайы үшін күтілетін мәні;

$\bar{x}$  – қаржылық тәуекелдің орташа болжамды мәні;

$n$  – қаржы ресурстарының салымдарының саны (жиілік).

Дисперсия қаржылық тәуекелдің жиілігінің абсолютті тербелісін сипаттайды, ал тербелістің салыстырмалы дәрежесін вариация коэффициенті көрсетеді. Ол келесі формуламен анықталады:

$$v = \sigma / \bar{x} \cdot 100,$$

мұндағы  $v$  – вариация коэффициенті;

$\sigma$  – орташа квадраттық ауытқу;

$\bar{x}$  – қаржылық тәуекелдің орташа болжамды мәні.

Вариация коэффициенті 1-ден 100%-ға дейін өзгеруі мүмкін. Вариация коэффициенті қаншалықты жоғары болады, соншалықты тербеліс күшті. Вариация коэффициентінің түрлі мәндеріне келесідей сапалы баға бекітілген: 10% -ға дейін – салымдардың төмен тербелісі; 10-25% - қаржылық тәуекелдің орташа тербелісі; 25%-дан жоғары – қаржылық тәуекелдің жоғары тербелісі.

Дисперсия мен вариацияны қолданған кезде тәуекелдің қаржылық нәтижені алудың математикалық ықтималдылығы бар екенін ескеру қажет. Бұл ықтималдылық субъективті эксперттік жолмен немесе объективті қаржылық тәуекелдің деңгейін математикалық есептеу негізінде анықтауға болады.

Кәсіпорынның тәуекелдерін бағалаудың негізгі әдістері болып статистикалық әдістер есептеледі. Олардың ішіндегі перспективалы әдіс қаржылық тәуекелдерді факторлық талдау (факторлық жүйе моделін қолдану) болып табылады. Мысалы, диверсификацияланған инвестициялық тәуекелді инвестиция объектісінің даму перспективаларының бар-жоқтығы бойынша, бәсекелестік деңгейі, тапсырыстар саны, келісілген шарттар саны бойынша, ал

диверсификацияланбаған – несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемелер, инфляциялық күтілімдер, ел экономикасының дамуының жалпы беталыстары бойынша бағаланады.

Қаржылық тәуекелді бағалаудың басқа да аналитикалық әдістері кеңінен қолданылады. Іскерлік белсенділік, қаржылық тұрақтылық коэффициенттері есептеледі, банкроттылыққа ұшырау ықтималдылығы анықталады, жалпы қаржылық даму деңгейі талданады.

Тәуекел деңгейінің түрлі салыстырмалы сипаттамалары жасалып, рейтингтер анықталады.

Тәуекелді бағалаудың перспективалы әдісі модельдеу болып табылады. Бұл әдістің негізгі қиындағы нақты жағдайларға байланысты модельді дұрыс таңдау. Модельдер қаржылық тәуекел ықтималдылығын бағалап, нақты жағдайды болжамдауға мүмкіндік береді.

Тәжірибеде тәуекелдерді бағалауда аналогиялар әдісі қолданылады. Қаржы менеджерлері, мамандар түрлі шығарылымдар немесе басқа кәсіпорындар тәжірибесі негізінде белгілі бір жағдайлардың болуы, қаржылық нәтижелер алу ықтималдылығын, қаржылық тәуекел деңгейін анықтайды. Осы әдіс негізінде көптеген кәсіпорындардың тактикасы мен стратегиясы құрылады. Бірақ әр кәсіпорынның өзіндік кадрлік, шикізаттық және салалық сипаттағы ерекшеліктері бар екенін ескеру қажет.

Тәуекелді бағалаудың негізгі әдісі кәсіпорынның қаржылық жағдайын кешенді талдау, оның қаржылық тұрақтылығы пен төлемқабілеттілігін талдау болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын экспресс-талдау кеңінен тараған. Оның мақсаты – кәсіпорынның балансы мен қаржылық нәтижелер және оларды қолдану туралы есебі негізінде жалпы қаржылық жағдайын және даму динамикасын бағалау. Мұнда қаражаттарды (активтерді) орналастыру мен қолдануына, олардың көздеріне (меншікті капитал мен міндеттемелер, яғни пассивтер) назар аударылады.

Қаржылық жағдай тұрақтылығының баланстық моделі кеңінен танымал. Бұл модель негізінде қаржылық тәуекел облысы анықталады және кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық деңгейі талданады:

$$\Phi + З + Дс = Ис + Кт + К + Р,$$

мұндағы  $\Phi$  – негізгі құралдар немесе басқа айналымнан тыс активтер;

$З$  – запастар мен шығыстар;

Дс – ақшалай қаражаттар, қысқа мерзімді қаржылық салымдар, дебиторлық қарыздар және басқа активтер;

Ис – меншікті қаражаттар көздері;

Кт – орташа, ұзақ мерзімді несиелер және қарыздық қаражаттар;

К – қысқа мерзімді несиелер;

Р – кредиторлық қарыздыр.

Қаржылық тәуекелді бағалау үшін қаржылық тәуекел ықтималдылығын сипаттауға мүмкіндік беретін коэффициенттерді (мультипликаторлар) есептеуде негізделетін мультипликативті әдісті қолдануға болады. Белгілі көрсеткіштерді (коэффициенттерді) есептеу есеп берудің белгілі баптары арасындағы қатынасын анықтауда негізделеді.

Кәсіпорынның қаржылық тәуекелін компьютерлік имитациясы перспективалы болып табылады. Қазіргі кезде тәуекелді бағалау бойынша дайын бағдарламалық өнімдер жиынтығы жасалған. Әр кәсіпорынның қаржылық тәуекелді жекеше модельдеу мүмкіндіктері бар.

Қаржылық жағдайды болжамдау қаржылық тәуекел ықтималдылығын анықтауға, болашақта кәсіпорынның даму перспективасын айқындауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге болжамдау қаржылық талдау мен жоспарлауға сүйенеді.

Қаржы тәуекелінің сыртқы белгілері келесілер: міндеттемелерді орындамау, төлемдерді тоқтату, салықтарды төлеу мерзімдерінің кешіктірілуі, өндірістік, коммерциялық дәстүрлі байланыстардың бұзылуы. Ішкі белгілері: өндірістің тоқтап қалуы, өткізу көлемінің төмендеуі, жұмысшылардың қызметтен босатылуы, мерзімі өтіп кеткен кредиторлық қарыздың жоғары үлесі, қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелерінің төмен көрсеткіштері, қаржыландыру көздері ретінде қарыздық қаражаттарды қолдану үлесінің жоғарылығы.

Кәсіпорынның тәуекелін бағалау үшін рейтингтік әдіс қолданылуы мүмкін. Оның мәні: негізгі көрсеткіштер корреляциялық-регрессиялық талдау көмегімен топтастырылады. Кейін кәсіпорынның эксперттік өлшем бойынша белгілі көрсеткіштердің орта салмақты рейтинг мәні (орны) ретінде есептелетін интегралды рейтингі анықталады. Келесі кезеңде кәсіпорындардың талданатын топтарындағы тәуекел деңгейі бойынша әр кәсіпорынның интегралды рейтинг мәні есептеледі. Рейтингте бірінші орынды экономикалық потенциалы жоғары және төмен деңгейлі тәуекелді кәсіпорын алады.

Кәсіпорынның экономикалық қызметінің тәуекелін сапалы бағалау төмендегілерді қарастырады:

- тәуекел факторларын анықтау;

- тәуекел туындайтын жағдайларды талдау;
- тәуекелдердің потенциалды облысын анықтау.

Әр кәсіпорында жіберілетін тәуекелдің облысын анықтау қажет. Тәуекел облысы – жалпы жоғалтулар бекітілген тәуекелдің шекті мәнінен аспайтын мүмкін болатын жоғалтулардың кейбір зонасы.

Тәуекел көлеміне салалар ерекшеліктері, халық шаруашылығының құрылымдық қайта құру жағдайында сала жағдайының өзгерісі, өндірістің мерзімдік сипаты, капитал айналымдылығының жылдамдығы, өндірілетін өнім диверсификация мүмкіндігі, клиенттер мен жабдықтаушылар диверсификациясы, әлемдік нарыққа шығу мүмкіндігі әсер етеді.

Саланың арнайы тәуекелдерін ескеру қажет. Тәуекелдің келесі облыстары бар:

- тәуекелсіз зона;
- минималды тәуекел облысы;
- жоғары тәуекел облысы;
- критикалық тәуекел облысы;
- жіберуге болмайтын тәуекел облысы.

Тәуекелдерді бағалауда ең басты ықтималдылықты анықтау қажет. Ықтималдылық 2 әдіспен анықталады.

- субъектілік;
- объектілік.

Субъектілік - субъективтік критерийлерге негізделген, яғни ол бағалауының мамандандырылуы оның тәжірибесі (қаржылық эксперттердің бағалауы, қаржылық консультанттардың пікірі, т.б.). Бірақ ықтималдылықты субъективті түрде анықтаған кезде әр тұлға әр түрлі шешім қабылдайды, әр түрлі пікірге келуі мүмкін. Оның ішінен ең кең тарағаны эксперттік бағалау (түрлі экспертиза жүргізіледі, логикалық, математика-статистикалық әдіс-тәсілдерді қолданады, т.б.).

Объектілік - ықтималдылықтың математикалық мөлшерінің есебін анықтау арқылы анықталады. Мысалы: Белгілі бір салаға салымнан 250 мың тг. түсті. Ол 200 жағдайдың ішінен 120 жағдайында ғана орындалды, сонда бұндай пайда алу ықтималдығы 0,6 (120/200) болады.

$$P = n/E_n$$

P - ықтималдық.

E<sub>n</sub> - жалпы қарастырылатын жағдайлардың саны,

n - ол күтілетін нәтиже бойынша жағдай саны.

Тәуекел мөлшері (тәуекел деңгейі) екі критерия арқылы анықталады:

- 1) орташа күтілетін мөлшер;
- 2) көрсеткіштің ауытқуы.

1) Орташа күтілетін мөлшер – барлық бола алатын көрсеткіштердің орташа деңгейін анықтайды. Мысалы: А саласына капиталды салған кезде 120 оқиғаның ішінен 48 оқиғадан 250 мың тг. (ықтималдық 0,4), 36 оқиғадан 200 мың тг. (ықтималдық 0,3), 36 оқиғадан 300 мың тг. (ықтималдық 0,3) түсім түсті. Сонда орташа күтілетін мөлшер  $(250 * 0,4 + 200 * 0,3 + 300 * 0,3) = 250$  мың тг. болады.

Дәл осылай В саласына капиталды салудан түсетін орташа түсім  $(400 * 0,3 + 300 * 0,5 + 150 * 0,2) = 300$  мың тг.

А және В саласына капиталды салған кездегі екі орташа күтілетін түсім сомасын салыстыра келе, осындай шешім шығаруға болады: А саласындағы түсетін түсім мөлшері 200 – 300 мың тг. аралығында, яғни орташа мөлшері 250 мың тг.; Ал В саласындағы түсетін түсім мөлшері 150 – 400 мың тг., орташа мөлшері 300 мың тг. құрайды.

2) Толық шешімін табу үшін көрсеткіштердің ауытқуын анықтау керек. Көрсеткіштердің ауытқу дәрежесі күтілетін мөлшердің орташа мөлшерден ауытқу дәрежесін қарастырады. Ол үшін практикада бір-бірімен тығыз байланысты екі критерия қолданылады: дисперсия және орташа квадраттық ауытқу.

Дисперсия квадратталған орташа көрсеткіштердің орташа күтілетін нәтижеден ауытқуын қарастырады.

$$\sigma^2 = \sum(x - x_{\text{орт}})^2 n / \sum n$$

$\sigma^2$  - дисперсия;

x - әр жағдайға (жиілік) байланысты күтілетін көрсеткіш;

x орт – орташа күтілетін көрсеткіш;

n – жиілік саны.

Орташа квадраттық ауытқу келесі формула арқылы анықталады:

$$\sigma = \sqrt{\sum(x - x_{\text{орт}})^2 n / \sum n}$$

Дисперсия мен орташа квадраттық ауытқу абсолюттік ауытқу өлшемі болып табылады.

Анализ үшін вариация коэффициенті қолданылады. Вариация - бір жағдайдан (вариант) басқа жағдайға ауысқандағы белгінің сандық

бағасының өзгеруі (тербелмелігі). Вариация коэффициенті орташа күтілетін және орташа квадраттық ауытқу қатынасы.

$$V = \pm \sigma / \bar{x} * 100\%$$

- V - вариация коэффициенті, %;  
 σ - орташа квадраттық ауытқу;  
 Хорт – орташа күтілетін көрсеткіш.

Вариация коэффициенті арқылы көрсеткіштердің ауытқуын салыстыруға болады. Вариация коэффициенті 0-ден 100 % -ға дейін өзгере алады. Коэффициент көп болған сайын ауытқуы да көп болады. Төменде вариация коэффициенті бойынша әр түрлі мәндерді бағалау көрсетілген:

- 10 %-ға дейін – төмен ауытқу;  
 10-25 %-ға дейін – орташа ауытқу;  
 25 %-дан артық – жоғары ауытқу.

А саласына капиталды салғанда орташа квадраттық ауытқу:

$$\sigma = \sqrt{180\,000 / 120} = \pm 38,7;$$

Ал В саласына:

$$\sigma = \sqrt{750\,000 / 100} = \pm 86,6;$$

Вариация коэффициенті (А саласы):

$$V = \pm 38,7 / 250 * 100 = \pm 15,5 \%;$$

В саласының вариация коэффициенті

$$V = \pm 86,6 / 300 * 100 = \pm 28,9 \%;$$

А саласына капитал салған кезде вариация коэффициенті В саласындағы вариация коэффициентіне қарағанда аз. Осыдан А саласына капиталды салу В саласына қарағанда тиімдірек деген шешімге келуге болады.

Кесте 1- А және В саласына капиталды салған кездегі дисперсия есебі

№	Түскен түсім мың тг. x	Оқиға саны n	(x – x орт)	(x – x орт) <sup>2</sup>	(x – x орт) <sup>2</sup> *n
<b>А саласы</b>					
1	250	48	-	-	-
2	200	36	-50	2500	90 000
3	300	36	+50	2500	90 000
Барлығы	Хорт = 250	120			180 000
<b>В саласы</b>					
1	400	30	+100	10 000	300 000
2	300	50	-	-	-
3	150	20	-150	22 500	450 000
Барлығы	Хорт = 300	100			750 000



Тағы тәуекелді анықтаудың оңайтылған әдістері бар. Ол инвестордың тәуекел деңгейі оның кірісінің максималды немесе минималды болар болмас

мөлшеріне байланысты. Егер осы мөлшердің диапазоны үлкен болған сайын, тәуекел деңгейі жоғарырақ болады. Сонда дисперсияны, орташа квадраттық ауытқу мен вариациялық коэффициентті есептеу үшін келесі формуланы қолдануға болады:

$$\sigma^2 = P \max (x \max - \text{хорт})^2 + P \min (\text{хорт} - x \min)^2;$$

$$\sigma = \sqrt{\sigma^2};$$

$$V = \pm \sigma / \text{хорт} * 100,$$

Мұндағы:

P max – максималды табыс алу ықтималдығы;

x max – максималды табыс мөлшері;

Хорт – орташа күтілетін табыс мөлшері;

P min – минималды табыс алу ықтималдығы;

x min – минималды табыс мөлшері.

Енді есептеген кезде осылай шығады.

А саласына капиталды салу бойынша:

$$\sigma^2 = 0,3 (300-250)^2 + 0,3(250-200)^2 = 1500;$$

$$\sigma = \sqrt{1500} = \pm 38,7;$$

$$V = \pm 38,7/250 * 100 = \pm 15,5\%.$$

В саласына капиталды салу бойынша:

$$\sigma^2 = 0,3 (400-300)^2 + 0,3(300-150)^2 = 7500;$$

$$\sigma = \sqrt{7500} = \pm 86,6;$$

$$V = \pm 86,6/300 * 100 = \pm 28,9\%.$$

Бұл екінші тәсілдің нәтижесі жоғарыда қарастырылған мысалдағыдай сәйкес келеді, А саласында тәуекел азырақ.

Сонымен, осы бөлімде мен тәуекел деңгейін анықтау формулаларын қарастырдым. Жоғарыда баяндалған әдістер тәуекелге байланысты көрсеткіштерді анықтау үшін кең қолданылады.

#### **1.4 Қаржылық тәуекелді басқару жүйесі**

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдаудың логикалық жалғасы – кәсіпорын қызметінің кемшіліктерін жою жолдарын іздеу болып табылады.

Жағымсыз жағдайлардың ауқымына байланысты кәсіпорын жағдайын жетілдіруге қажетті іс-әрекеттер көлемі анықталады. Жеңіл


қаржылық дағдарыс кезінде ағымдағы қаржылық жағдайды бірыңғайлау, яғни ақша қаражаттарының кірістері мен шығыстарын үйлестіру жеткілікті. Ал терең қаржылық дағдарыс жағдайы қаржылық жағдайды тұрақтандырудың барлық ішкі және сыртқы механизмдерін қолдануды қажет етеді. Кәсіпорынның жағдайы аппараттық деңгейге жеткенде қаржылық жағдайды жетілдірудің жолдарын іздестіру қажет, ал табылмаған жағдайда кәсіпорынды жою туралы шешім қабылдауға мәжбүр болады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын тұрақтандырудың ішкі механизмдері ең алдымен кәсіпорынның ағымдағы төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталуы тиіс. Ағымдағы төлем қабілетсіздікті жою мақсатында кәсіпорын қаржылық жағдайды жетілдіру бойынша оперативтік шаралар жүргізу, яғни ағымдағы шығыстарды азайту және кейбір активтерді сату қажет. Осыдан кейін алдағы кезеңде кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тактикалық шаралар жүргізілуі қажет. Кәсіпорынның толық қаржылық тұрақтылығының негізгі шарты ол – ұзақ мерзімді қаржылық теңдікті қамтамасыз ету болып табылады. Сондықтан кәсіпорынның стратегиялық шаралары қаржылық тұрақтылықты ұзақ мерзімде уақытқа дейін сақтап тұруға бағытталуы тиіс. Кәсіпорынды дағдарыстан алып шығу үшін қаржылық жағдайды тұрақтандырудың ішкі және сыртқы механизмдерінің жиынтығынан құралатын кәсіпорынды сауықтыру бойынша бизнес – жоспар жасалынады. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын сауықтырудың бағыттарын қарастырайық.

Кәсіпорын меншікті айналым қаражаттарының жетіспеушілігін азайту мақсатында жаңа акциялар мен облигациялар шығаруы мүмкін. Бірақ жаңа акцияларды шығару олардың бағамдарының төмендеуіне алып келуі мүмкін. Сондықтан батыс елдерінде көбіне облигацияларға көп жүгінеді.

Кәсіпорынның банкроттығының алдын алу жолдарының бірі ол – акциялар бойынша дивидендтер көлемін азайту немесе төлеуден уақытша бас тарту. Бірақ бұл шараны іске асыру үшін кәсіпорын акционерлерін қаржылық сауықтыру бағдарламасының нәтиже беретіндігін және болашақта дивидендтер көлемінің өсетіндігіне сендіру қажет.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын сауықтырудың маңызды көзі – факторинг, яғни кәсіпорынның өзінің дебиторлық борыштары бойынша талап ету құқықтарын банкке немесе факторинг компанияларға сатуы болып табылады.



Сурет 3 – Қаржылық сауықтырудың негізгі бағыттары

Кәсіпорынның материалдық техникалық базасын жаңартудың ең тиімді жол-дарының бірі – лизинг. Ол инвестициялаудың бір түрі болып табылады. Лизингтік операциялар бойынша жедел амортизацияны пайдалану өндіріс құралдарының оперативті түрде жаңартып отыруға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынға үлкен табыс әкелетін тиімді жобаларды іске асыру мақсатымен кредиттер тарту да кәсіпорынды сауықтырудың негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Меншікті капиталдың жетіспеушілігін азайтудың бір жолы ол – оның айналымдылық жылдамдығын арттыру болып табылады.

Меншікті қаржы ресурстарының көлемін арттыру жолдары:

- тұрақты шығындар сомасын азайту
- айнымалы шығындар сомасын азайту
- жедел амортизацияны пайдалану
- пайдаланылмайтын мүліктерді сату
- сыртқы әлеуметтік және тағы да басқа бағдарламалардан бас тарту, инвестициялық белсенділікті төмендету.

Кәсіпорынды қаржылық сауықтырудың негізгі бағыттарының бірі өндіріс табыстылығын арттыратын ішкі резервтерді іздеу болып

табылады. Оған өндіріс қуаттылығын толық пайдалану, өнімнің сапасы мен бәсеке қабілеттілігін арттыру, өзіндік құнды азайту, материалдарды, еңбек және қаржы ресурстарын үнемді пайдалану жатады.

Тәжірибеде кәсіпорынның қаржылық жағдайына әсер ететін негізгі үш проблема кездеседі:

- төлем қабілеттіліктің төмен болуы, яғни ақша қаражаттарының жетіспеушілігі. Бұған кәсіпорынның кредиторлар, жұмысшылар және бюджет алдындағы міндеттемелерін өтеуге қаражаттарының жетіспеушілігі дәлел бола алады.

- меншік иелерінің мүдделерін толық қанағаттандырмау. Бұған меншік иелері алатын табыстарының олардың салған салымдарына қарағанда әлдеқайда төмен болуы дәлел бола алады.

- қаржылық тәуелсіздігінің немесе қаржылық тұрақтылығының төмендеуі. Тәжірибеде қаржылық тұрақтылықтың төмен болуы болашақта міндеттемелерді өтеу бойынша қиыншылықтар тудыруы мүмкін, ал бұл өз кезегінде кәсіпорынның кредиторларға тәуелді болуына алып келеді. Жоғарыда жасалынған талдау негізде біздің кәсіпорында алғашқы екі проблеманың (өте төменгі төлем қабілеттік және рентабельділік) қаржылық тәуелсіздігіне келсек, ол ұзақ мерзімді қарыздардың жоқ болуы және кәсіпорын қызметінің негізінен меншікті капиталмен қаржыландырылуына байланысты кәсіпорын кредиторларға тәуелді емес, яғни қаржылық тұрақты. Талдау барысында анықталған кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының әлсіз жақтары негізінен төлемқабілеттілік пен рентабельділіктің төмен болуынан туындап отыр. Осыған байланысты біз кәсіпорынның қаржылық тұрақтандыру үшін төлемқабілеттік пен рентабельділікті арттыру жолдарын іздеу керек деген қорытындыға келеміз.

Кәсіпорынның төменгі төлем қабілеттілігі мен рентабельділігін талдау кезінде ұзақ мерзімді міндеттемелерді алу қажет пе деген сұрақ туындайды. Бір жағынан, ұзақ мерзімді міндеттемелерді пайдаланбау кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын, яғни тәуекелсіздігін білдірсе, екінші жағынан, ұзақ мерзімді міндеттемелер кәсіпорынның төлем қабілеттігі мен рентабельділігін арттыруға көмектеседі. Бұл жағдайда біз «тәуекел-табыс» деген екі факторлы моделіне тоқталып кеткен жөн. Бұл модельдің негізгі қағидаты - тәуекелсіз табыс та жоқ. Яғни тәуекел мен табыстың қолайлы қатынасын тапқан жөн. Алайда қарыз қаражаттарын пайдалану қажеттілігі болмайды егер кәсіпорын өз пайдасын өзіндік құнды төмендету негізінде арттырса.

Сонымен кәсіпорынның қаржылық жағдайын жақсартудың бірнеше жолдарын атап көрсетуге болады: өзіндік құнды азайту қажет.

Ол үшін өзіндік құнға факторлық талдау жасау, оның өсу себептерін анықтау және азайту жөнінде шаралар қолдану қажет. Материалдық, еңбек және қаржылық ресурстарының тиімді пайдалануына көп көңіл бөлу қажет.

Негізгі көзі меншікті капитал болып табылатын капитал салымдарын азайту не боламса ұзақ мерзімді қарыз қаражаттарын немесе лизингті пайдалану.

Капитал салымдарын белгілі бір уақытқа дейін қысқарту пайда алуға мүмкіндік береді, алайда бұл капитал салымынан мәңгі-бақиға бас тарту қажет екендігін білдірмейді. Сондықтан ол үшін кәсіпорын ұзақ мерзімді несиелер алуы немесе лизингті пайдалануы қажет. Сонымен қатар жаңа техникалар енгізу, ғылыми-зерттеу, тәжірибелі-конструкторлық және технологиялық жұмыстар жүргізуді ұмытпаған жөн. Бұл өндірістік шығындардың азаюына септігін тигізіп, кәсіпорын табыстылығын арттырады.

Жоғарыда айтылғандарға қосымша кәсіпорынның өндірістік қуаттылығына талдау жасау, олардың 100 % пайдаланылуын қамтамасыз ету және олардың қолданылмайтын бөлігін сату немесе жалға беру қажет. Сонымен қатар жоспарлардың жасалуы мен орындалуына көп көңіл бөлген жөн.

Тәуекелділік жағдайында шешімдер қабылдау кезінде қолданылатын нақты әдістер мен тәсілдер кәсіпорынның қызметі түріне, қойылған мақсаттар жету стратегиясына тәуелді болады. Сонымен бірге тәуекелді басқару теориясы мен практикасымен тәуекелді талдау барысында басшылыққа алынатын негізқалаушы принциптер орнатылған. Біріншіден, меншік капиталдың мөлшерінің мүмкіндігінше тәуекел етуге болады, екіншіден, азшылық үшін көпшілікпен тәуекелге баруға болмайды.

Тәуекелдерді талдаудан кейін осы тәуекелдерді басқару әдістерін талдау қажет. Әрине бұл процестің ажырамас бөлігі болып сақтандыру табылады. Сақтандырудан басқа тәуекелден қашу немесе оны өзіне алу, шектеу, хеджирлеу, сараптау, тәуекелдерді бөлу, қаражаттарды резервтеу, тәуекелдер бойынша мүмкін болатын қаржылық жоғалтуларды айыппұл санкциялар жүйесі есебінен өтеу, кепілдік және т.б. сияқты тәуекелдерді басқару әдістері қолданылады.

Тәуекелді төмендету – тәуекелді жағдайдың болу ықтималдылығын және мүмкін жоғалтулар көлемін азайту. Тәуекелді басқару әдісін таңдау кезінде тәуекел түрі бойынша максималды мүмкін болатын шығысты есептеу, оны тәуекелге ұшырауы мүмкін капитал көлемімен сәйкестендіріп, барлық мүмкін шығысты меншікті қаржылық ресурстар көлемімен салыстыру қажет.

Тәуекелді басқару жүйесінің қызметін тиімді жүргізу кәсіпорынды басқару жүйесінде құрылымдық бөлімше – тәуекелді басқару бөлімшесін құруды қарастырады. Бұл бөлімше міндетті түрде тәуекелді басқару бойынша мақсатты шаралардың арнайы бағдарламасын жасауы керек.

Кәсіпорын деңгейінде мұндай бағдарлама жасау кәсіпорынның қызметі мен құрылымының негізгі элементі ішкі және сыртқы тәуекелдерден қорғаныштылық және жоғары тұрақтылықты кепілдендіретін тәуекелдерді басқаруды қамтамасыз ету тиіс. Тәуекелдер кәсіпорын қызметтерінің түрлі жақтарына әсер етеді және ол жағымсыз сипаттамаға ие болады. Жағдайды тұрақтандыру бойынша жұмыстар тәуекелдерді басқарудан бастау қажет, яғни тәуекелмен байланысты қаржылық жоғалтуларды төмендетуге бағытталған кәсіпорын үшін экономикалық қолайлы ұсныныстар мен шаралар енгізіліп, жасалуы тиіс.

Кәсіпорынның тәуекелді басқару бөлімшесі бірнеше топтардан тұруы қажет. Бөлімшенің құрамына кіретін әр топқа ішінде білім облысы әртүрлі мамандар болу керек: ең алдымен - анти-тәуекелділік басқарушы, маркетинг бойынша маман, қаржы маманы, персоналды басқару бойынша, жоспарлы-экономикалық жұмыс бойынша, өндіріс бойынша маман.

Кәсіпорынның басқармасы тәуекелді басқару мәселелерін шешуде басты орын алады, өйткені ол тәуекелді төмендету бойынша шаралар бағдарламасын бекітеді, критикалық жағдайларда оларды өткізу шешімдерін қабылдайды, анти-тәуекелділік бағдарламамен бірге сыналатын шешімдер қабылдайды.

Тәуекелді басқару бойынша шараларды тікелей өткізу кәсіпорынның негізгі өндірісітік және басқарушылық бөлімшелерінің қызметіне қайшы келеді, олардың есеп беру көрсеткіштеріне жағымсыз әсерін тигізеді, себебі бұл шаралар жедел табыс әкелмейтін шығыстарды талап етеді.

Сондықтан тәуекелді басқару бойынша соңғы шешімдерді кәсіпорынның басқару органдарының ең жоғарғы органы қабылдағаны үлкен маңыздылықты иеленеді.

Қаржылық тәуекелмен байланысты мүмкін жоғалтуларды төмендетуде қызығушылық тудыратын кез келген кәсіпорын өзі үшін келесі мәселелерді шешу қажет:

- қаржылық тәуекелмен байланысты мүмкін жоғалтуларды бағалау;

- фирма белгілі бір тәуекелдерді өзінде қалтыра ма, яғни олар бойынша өзі жауапты бола ма, не олар бойынша жауапты баска субъектілерге беретіндігі туралы шешім қабылдауы тиіс;

- негізгі мақсаты мүмкін жоғалтуларды төмендету болып табылатын тәуекелдерді басқару бағдарламасын жасау қажет.

Бұл міндеттерді тәуекелді басқару бойынша мақсатты шаралардың арнайы бағдарламасын жасау негізінде мүмкін. Антитәуекелдік менеджерде тәуекелді басқару бойынша дұрыс шешім қабылдау үшін барлық қажетті ақпараттар болуы тиіс.

Тәуекелді басқару мақсаттары мен міндеттері.

Тәуекелді басқару бойынша мақсатты шаралардың кез келген арнайы бағдарламасын жасаудың мақсаты кәсіпорынның тәуекелділік жағдайларында сәтті қызмет етуді қамтамасыз ету болып табылады.

Қаржылық тәуекелмен байланысты қаржылық жоғалтуларды төмендету мәселесін шешу мысалға келесідей жүргізілуі мүмкін: бар тәуекелді жою, мүмкін тәуекелдің алдын алу, мүмкін болатын зиянның тікелей алдын алу, мүмкін болатын зиянның жанама алдын алу.

Мұндай бағдарламаны талдауда тәуекелді басқару бойынша мақсатты шаралардың арнайы бағдарламасының мазмұны мен мақсаттары анықталады.

Қаржылық тәуекелді басқару принциптері. Тәуекелді басқарудың мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыру менеджерге фирма тәуекелдерін басқару принциптерін нақтылауды талап етеді.

Менеджер тәуекелді басқару бойынша мақсатты шаралардың арнайы бағдарламасын жасауда негізге алатын принциптер кәсіпорынның стратегиясымен анықталады. Егер кәсіпорын өзінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге негізделсе, онда бағдарлама жасаушы жұмыс негізіне алатын сәйкесінше принциптері қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ететін тәуекелді басқару әдісін таңдауды ұсынады. Мұндай нақты принцип мысалы компанияның барлық тәуекелдерді сыртқы ортаға шығаруға бағытталу принципі болып табылады.

Тәуекелді басқару функцияларының мәні пәндік сипатты иеленбейтіндіктен, ол коммерциялық кәсіпорындардың интегралдық құндылықтарын сақтауға бағытталғандықтан, бұл функцияларды орындау фирма бөлімшелерінің және тәуекелді басқару қызметкерлерінің біріккен күштерімен жүзеге асырылады. Тәуекелді басқару жүйесін орнату үшін біріншіден, мамандарды дайындау қажет, екіншіден, әрдайым біріккен тренингтер жүргізілуі тиіс.